

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОҒИ

7M01601 - Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды дайындау (Тарих-Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы әлеуметтік тарихы)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	35
1	Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың күнделікті өмірі (XIX-XX ғ. басы) «Жаңа әлеуметтік тарих» дамуының кезеңдері, негізгі бағыттары, құрамдас компоненттері, зерттеу объектісі мен әдістері. Әлеуметтік тарихтағы деректердің түрлері мен оның зерттеу әдістері. Қазақ қоғамы: әлеуметтік құрылымы, иерархиясы, динамикасы. Жаңа әлеуметтік санаттар мен оның құрамы, иерархиялық жүйесі, шендер мен рангтер. 1897 жылғы Жалпыхалықтық санақ бойынша қазақ тұрғындары, әлеуметтік және отбасылық құрамы, жас ерекшелік топтары.	5
2	Қазақстандағы қоныс аударушылар елді-мекендерінің күнделікті өмірі Күнделікті өмір тарихының теориялық-әдіснамалық негіздері. "Анналдар" мектебі және күнделіктілік. Италиядағы микротарих мектебі: негізін қалаушылар, ұстанымдар; адамды, отбасын, ауылды, әлеуметтік топты зерттеу. Патшалықтың қоныс аудару саясаты: қоныс аудару кезеңдері, құқықтық жағдайы, саны, этникалық құрамы. Шаруашылық құрылыстар және деревнялардағы тұрғын үйлер. Ауыл тұрғындарының білімі, дәстүрі, дүниетанымы, діни наымдары. Киім-кешектері, тамақтануы	5
3	Қазақстан тұрғындарының мәдени және діни тәжірибелері (XIX-XX ғ. басы) Курстың тақырыбы бойынша зерттеулер мен дерек көздері. XIX-XX ғғ. басындағы Қазақстандағы халық құрамының сипаттамасы. Халықтың мәдени және діни практикалары: негізгі ұғымдардың сипаттамасы. XIX-XX ғғ. басындағы Қазақстан аумағындағы негізгі конфессиялардың ғибадатханалық кешендер мен киелі орындардың ерекшеліктері. Қалалар мен ауылдардағы ғибадат ету тәжірибесіне дін саласындағы империялық саясаттың әсері	5
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	49
1.	Тарих зерттеулеріндегі әлеуметтік ғылымның әдістері Әлеуметтік зерттеу және оның түрлері. Зерттеу бағдарламасын теориялық дайындау: проблеманы қою, оны алдын ала талдау, алгоритм жасау. Зерттеу бағдарламасының құрылымы. Әлеуметтік зерттеудің жұмыс жоспары. Әлеуметтік зерттеу әдістері, әлеуметтік ақпаратты жинау: құжаттарды іріктеу, талдау, бақылау, салыстыру, сауалнама, сұхбат, эксперимент. Деректерді талдау және интерпретациялау тәсілдері. Эмпирикалық негізделген нәтижелер алу, ұсыныстар жасау	5
2.	Қазіргі тарих зерттеулеріндегі антропологиялық тәсілдер Антропология: терминнің мәніне жалпы сипаттама. Әлеуметтік-мәдени антропология жеке пән ретінде. Әлеуметтік-мәдени антропологияның зерттеу пәні мен объектісі. Әлеуметтік-мәдени антропологияның басқа гуманитарлық ғылымдардан айырмашылығы. Тарих мәселелерін зерттейтін бағдарламаның құрылымы: зерттеудің мақсаты мен міндеттері, оның	5

	объектісі мен пәні, ұғымдарды анықтау және түсіндіру, гипотезаны қалыптастыру	
3.	Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы (XVIII ғ.-XX ғ.басы)	5
	Жаңа әлеуметтік тарих және әлеуметтік тарих - мазмұндарының айырмашылығы. "Жаңа әлеуметтік тарих" және оның социологиямен және демографиямен тоғысуы. Жаңа әлеуметтік топтардың, аз ұлттардың, қала халқының, әйелдердің, балалардың тарихы. Әлеуметтік құрылымның және әлеуметтік ұтқырлықтың адамдардың өмір сүру тәжірибесіне әсері. Әлеуметтік тарих- XVIII-XX ғғ. Қазақстан материалдары негізіндегі ғылыми білім	
4.	Қазақстан мен Орталық Азияның жаңа империялық тарихы (XVIII ғ.-XX ғ.басы)	5
	Жаңа империялық тарих - XXI ғ. басындағы зерттеулер ұстанымы. Ресей империясы: жаңғырту үрдістері және олардың Дала өлкесі мен Түркістанға әсері. Империялық тарихи феноменін, жергілікті халықтың басқару тәжірибесі мен өмірін зерттеу. Империялық жағдайдағы адам. Ресми және жергілікті нарративтердің империялық дискурсіндегі өз, бөтен, өзге ұғымдары	
5.	Зерттеу практикасы	9
	Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен танысу, тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мақсаты: кәсіби білімді жүйелендіру, кеңейту және шоғырландыру, магистранттарға өзіндік ғылыми жұмыс, зерттеу және эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастыру.	